



**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
«БЖЗҚ» ұялы қосымшасының конфиденциалдылық саясаты**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ «БЖЗҚ» ұялы қосымшасының осы конфиденциалдылық саясаты (бұдан әрі – Саясат) «БЖЗҚ» ұялы қосымшасын (бұдан әрі – Ұялы қосымша) қолдануы кезінде пайдаланушының ұялы құрылғысынан «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ ала алатын, Пайдаланушы ұсынатын Дербес ақпаратқа қатысты таратылады және қолданылады.

Ұялы қосымшаны пайдалану (жүктеу, орнату, тіркеу, пайдалану) пайдаланушының осы Саясатпен және онда көрсетілген пайдаланушының құрылғысынан алынатын Дербес ақпаратты өңдеу шарттарымен сөзсіз ерікті түрде келісетіндігін білдіреді. Егер пайдаланушы Саясатпен келіспейтін болса, ол Ұялы қосымшаны жүктеуден бас тартуға міндетті.

Ұялы қосымша Пайдаланушының Интернетке кіруге, Ұялы қосымшаны орнатуға болатын ұялы телефон немесе басқа құрылғы арқылы Жеке кабинетінде операцияларды жүзеге асыруға, Қор туралы ақпарат, сондай-ақ өзінің зейнетақы шотының жай-күйі туралы толық мәлімет алуға арналған қашықтан қызмет ету сервисіне қолжетімділік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету болып табылады.

Өзгерістер мен толықтыруларды не жаңа редакциясын жариялау жолымен Қор біржақты тәртіпте Саясатқа өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге құқылы.

Осы Саясат тек Ұялы қосымшаға ғана қолданылады. Қор пайдаланушының үшінші тарапқа берген ақпараты (ақпаратты беру салдары) үшін жауап бермейді және оны қадағаламайды. Саясаттың өзекті редакциясымен өз бетінше танысу міндеті пайдаланушының жауапкершілігінде.

1. Ұялы қосымшаны қолдану кезінде пайдаланушының құрылғысынан алынатын дербес ақпарат тізбесі және оны алудың мақсаттары (әрі қарай – Пайдаланушының ақпараты)

- 1.1. Пайдаланушының ЖСН-і, пайдаланушының ТАӘ, ұялы телефонының нөмірі, электрондық поштасының мекенжайы.
Мақсаты: шарттар аясында Пайдаланушыны сәйкестендіру.
- 1.2. Пайдаланушының құрылғысының тұрған жерінің геолокациясы туралы ақпарат (ұялы байланыс және GPS дабылы операторының желісі деректерінің негізінде).
Мақсаты: Ұялы қосымшаны қолдану кезінде Пайдаланушыға Қордың филиалдық желі бөлімшелерінің және өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының орналасқан жері туралы, сол сияқты Пайдаланушыға қолжетімді және оның орналасқан жерімен анықталған қосымша қызмет көрсетулер туралы ақпарат беру.
- 1.3. Құрылғы камерасын қолдана отырып, алынған фотобейнелер. Мақсаты: Ұялы қосымшада жүзеге асырылатын қызметтер шеңберінде фотобейнелерді алу және қолдану, сол сияқты Ұялы қосымшада айырып тану және қолдану мақсатында төлем құжаттарының және штрих кодтарының фотобейнелерін алу.
- 1.4. Операциялық жүйенің нұсқасы және құрылғының үлгісі туралы ақпарат.
Мақсаты: Ұялы қосымшаның жұмысында мүмкін болатын қателіктерді талдау және оның жұмысын жетілдіру. Талдау мақсаты үшін Қор сырттағы ұйымдарға иесіз түрде операциялық жүйе және құрылғының үлгісі туралы ақпаратты бере алады.
- 1.5. IP-мекенжай туралы және Пайдаланушының қосылу нүктесінің мекенжайы туралы ақпарат, кіру жүзеге асатын ұялы құрылғы туралы мәліметтер, Ұялы қосымшадан кіру күні және уақыты, операциялық жүйенің нұсқасы, құрылғының бірегей сәйкестендіргіші.
Мақсаты: Ұялы қосымшаны қолдану және онда операцияларды жүзеге асыру кезінде пайдаланушының қауіпсіздігін көтеру.
- 1.6. Пайдаланушының құрылғысындағы SMS-хабарламалар туралы ақпарат.

Мақсаты: Пайдаланушымен байланыс, соның ішінде Қорға және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты хабарламалар мен ақпаратты жіберу, сол сияқты Ұялы қосымшада Қордан келіп түскен SMS-хабарламаларды сақтау және қолдану.

- 1.7. Құрылғының микрофонын қолдана отырып, алынған аудиодеректер (техникалық мүмкіндік бар болғанда Қосымшада жүзеге асады).

Мақсаты: Ұялы қосымшаны қолдана отырып, пайдаланушының Қорға аудиоқоңырауларын орындау.

2. Пайдаланушының дербес ақпаратын өңдеу

- 2.1. Пайдаланушы Қордың Пайдаланушының жеке деректері туралы, соның ішінде Ұялы қосымшаны қолдана отырып, алынған операциялар бойынша Дербес ақпаратын жарияламайтынымен және үшінші тұлғаларға бермейтінімен келіседі, алайда Қор заң шеңберінде және жасалған шарттардың талаптары бойынша Дербес ақпаратты аша алады және бере алады.
- 2.2. Осы Саясатқа сәйкес Қор тек осы Саясаттың 1-тармағында көзделген ақпаратты ғана белгіленген мақсаттар үшін өңдеуді жүзеге асырады.
- 2.3. Пайдаланушының Дербес ақпаратын үшінші тұлғалардың оған заңсыз қол жеткізуінен, қолдануынан, көшіріп алуынан және таратуынан қорғау үшін Қор өзіне қатысты барлық ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.
- 2.4. Осы Саясатта баяндалған мақсаттар үшін Қор Пайдаланушының Дербес ақпаратын өңдеуге Қормен конфиденциалдылық туралы тиісті келісім жасасқан серіктестерді тартуы мүмкін. Қордың серіктестерге Ұялы қосымшаның жұмысын жақсарту мақсатында Ұялы қосымшаны қолдану туралы иесіз деректерді беруі серіктестермен жасалған шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

3. Ақпараттың конфиденциалдылығын сақтау үшін қолданылатын қауіпсіздік шаралары

- 3.1. Қор Пайдаланушының Дербес ақпаратын кіруге рұқсат етілмеген әрекеттерден, өзгертулерден, ашудан немесе жоюдан, сол сияқты басқа да лайықсыз қолдану түрлерінен қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мүмкін болатын барлық шараларға қамданады.
- 3.2. Сол сияқты Қор конфиденциалдылық саласында қатаң шарттық міндеттемелерді қарастыра отырып, қызметкерлердің, мердігерлердің және серіктестердің Пайдаланушының Дербес ақпаратына қол жеткізуіне шектеу қояды. Міндеттемелерді бұзған жағдайда жауапкершіліктің қатаң шаралары және айыппұл санкциялары қарастырылған.
- 3.3. Ұялы қосымша TLS v1.2. криптографикалық хаттаманы қолдана отырып, Интернет желісінде қорғалған HTTPS хаттамасы бойынша Пайдаланушы мен Қордың арасында берілген деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.
- 3.4. Пайдаланушының құпиясөздері Қордың жүйесінде көрсетілмейді, шифрланған түрде сақталады және беріледі.

Ұялы қосымшаға қатысты барлық құқықтар «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына тиесілі. Конфиденциалдық ақпараттарды қолдану Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңымен, сол сияқты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. Жарияланған Саясаттың басқа да мәселелері бойынша Пайдаланушы <https://www.enpf.kz/ru/contacts/tsentralnyy-apparat/> сілтемесіне өте отырып, жазбаша түрде жүгіне алады немесе 1418 телефонына қоңырау шала алады (Қазақстан бойынша ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін); +7 (727) 356-10-60 (қалааралық және халықаралық қоңырау шалулар үшін).

Настоящая Политика конфиденциальности мобильного приложения «ЕНПФ» АО «Единый накопительный пенсионный фонд» (далее - Политика) распространяется и применяется в отношении предоставленной Пользователем Персональной информации, которую АО «Единый накопительный пенсионный фонд» (далее – Фонд) может получить с мобильного устройства Пользователя во время использования им мобильного приложения ЕНПФ (далее – Мобильное приложение).

Использование Мобильного приложения (загрузка, установка, регистрация, использование) означает безоговорочное добровольное согласие Пользователя с настоящей Политикой и указанными в ней условиями обработки Персональной информации, получаемой с мобильного устройства Пользователя. Если Пользователь не согласен с Политикой, он обязан отказаться от загрузки Мобильного приложения.

Мобильное приложение является программным обеспечением, предоставляющим доступ Пользователю к сервисам удаленного обслуживания, предназначенным для осуществления Пользователем операций в Личном кабинете, получение информации о Фонде, а также подробных сведений о состоянии своего пенсионного счета посредством мобильного телефона или иного устройства, поддерживающего установку Мобильного приложения, с доступом в Интернет.

Фонд вправе вносить изменения или дополнения в Политику в одностороннем порядке путем публикации изменений или дополнений либо публикации ее в новой редакции.

Настоящая Политика применима только к Мобильному приложению. Фонд не контролирует и не несет ответственность за информацию (последствия её передачи), переданную Пользователем третьей стороне. Обязанность самостоятельного ознакомления с актуальной редакцией Политики лежит на Пользователе.

1. Перечень Персональной информации, которая может быть получена с устройства Пользователя при использовании Мобильного приложения и цели её получения (далее - Информация пользователя)

- 3.5. ИИН Пользователя, ФИО Пользователя, номер мобильного телефона, адрес электронной почты.
Цель: идентификация Пользователя в рамках договоров.
- 3.6. Информация о геолокации местоположения устройства Пользователя (на основе данных сети оператора сотовой связи и сигналов GPS).
Цель: информирование Пользователя при использовании Мобильного приложения о местоположении подразделений филиальной сети и устройств самообслуживания Фонда, а также о дополнительных сервисах, доступных Пользователю и обусловленных его местоположением.
- 3.7. Фотоизображения, полученные с использованием камеры устройства. Цель: получение и использование фотоизображений в рамках услуг, реализуемых в Мобильном приложении, получения фотоизображений платежных документов и штрих кодов с целью их распознавания и использования в Мобильном приложении.
- 3.8. Информация о версии операционной системы и модели устройства.
Цель: анализ возможных ошибок в работе Мобильного приложения и совершенствование его работы. Для целей анализа Фонд может передавать информацию об операционной системе и модели устройства сторонним организациям в обезличенном виде.
- 3.9. Информация об IP-адресе и адресе точки подключения Пользователя, сведения о мобильном устройстве с которого осуществляется доступ, дата и время визитов с Мобильного приложения, версия операционной системы, уникальные идентификаторы устройства.
Цель: повышение безопасности Пользователя при использовании Мобильного приложения и совершения операций в нем.
- 3.10. Информация об SMS-сообщениях на устройстве Пользователя.

Цель: Связь с Пользователем, в том числе направление уведомлений и информации, касающихся Фонда и накопительной пенсионной системы, а также сохранение и использование в Мобильном приложении SMS-сообщений, поступивших от Фонда.

3.11. Аудиоданные, полученные с использованием микрофона устройства (реализуется в Приложении при наличии технической возможности).

Цель: выполнение аудио звонков Пользователя в Фонд с использованием Мобильного приложения.

4. Обработка Персональной информации Пользователя

4.1. Пользователь соглашается с тем, что Фонд не разглашает и не передает третьим лицам Персональную информацию о личных данных Пользователя, в т.ч. по операциям, полученным с использованием Мобильного приложения, однако Фонд может раскрыть или передать Персональную информацию исключительно в рамках законодательства и по условиям заключенных договоров.

4.2. В соответствии с настоящей Политикой Фонд осуществляет обработку только той информации и только для тех целей, которые определены в пункте 1 настоящей Политики.

4.3. Фонд принимает все зависящие от него организационные и технические меры для защиты Персональной информации Пользователя от неправомерного доступа к ней третьих лиц, использования, копирования и распространения.

4.4. Для целей, изложенных в настоящей Политике, Фонд может привлекать к обработке Персональной информации Пользователя партнеров, с которыми у Фонда заключены соответствующие соглашения о конфиденциальности. Передача Фондом партнерам обезличенных данных об использовании Мобильного приложения для целей улучшения работы Мобильного приложения осуществляется на основании договоров с партнерами.

5. Меры безопасности, используемые для сохранения конфиденциальности информации

5.1. Фондом предпринимаются все возможные меры для обеспечения безопасности и защиты Персональной информации Пользователя от несанкционированных попыток доступа, изменения, раскрытия или уничтожения, а также иных видов ненадлежащего использования.

5.2. Фондом также ограничивается доступ сотрудникам, подрядчикам и партнерам к Персональной информации Пользователя, предусматривая строгие договорные обязательства в сфере конфиденциальности, за нарушение которых предусмотрены жесткие меры ответственности и штрафные санкции.

5.3. Мобильное приложение обеспечивает защиту передаваемых данных между Пользователем и Фондом в сети Интернет по защищенному протоколу HTTPS, используя криптографический протокол TLS v1.2.

5.4. Пароли Пользователя в системе Фонда не отображаются, хранятся и передаются исключительно в зашифрованном виде.

Все права на Мобильное приложение принадлежат АО «Единый накопительный пенсионный фонд». Использование конфиденциальной информации регулируется Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите», а также действующим законодательством Республики Казахстан. По иным вопросам действия Политики Пользователь может обращаться в письменном виде, пройдя по ссылке <https://www.enpf.kz/ru/contacts/tsentralnyy-apparat/> или по телефонам 1418 (звонок с мобильных телефонов по Казахстану бесплатный); +7 (727) 356-10-60 (для междугородних и международных звонков).
